# САЛАЛЫҚ БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРІН ӘЗІРЛЕУ, ӨЗЕКТЕНДІРУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**Астана – 2026**

## I. Жалпы ережелер

1. Осы Салалық біліктілік шеңберін әзірлеу, өзектендіру және ресімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) салалық біліктілік шеңберін әзірлеу, өзектендіру және ресімдеу процесіне құрылымдалған тәсілдің сипаттамасын қамтиды және төмендегілерге сәйкес әзірленді:

1) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне;

2) 2023 жылғы 4 шілдедегі «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң);

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 384 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар).

2. Осы Әдістемелік ұсынымдарда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) лауазым – жұмыс берушінің лауазымдық өкілеттіктері мен лауазымдық міндеттерінің белгілі бір шеңбері жүктелген құрылымдық бірлігі;

2) мемлекеттік лауазым – нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттіктер шеңбері жүктелген мемлекеттік органның штаттық құрылымдық бірлігі;

3) дескриптор – еңбек функцияларының күрделілігі және еңбек қызметіндегі жауапкершілік деңгейі бойынша сараланатын, салалық біліктілік шеңберінің тиісті біліктілік деңгейіне сәйкес қызметкердің дағдыларына, машықтарына және біліміне қойылатын талаптардың жиынтық сипаттамасы;

4) кәсіп – жұмыс орнында орындалатын, жалақы немесе табыс әкелетін, негізгі міндеттері мен функцияларының жоғары деңгейде ұқсастығымен сипатталатын жұмыстар жиынтығы;

5) білім – кәсіптік міндетті орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

6) біліктілік деңгейі – еңбек әрекеттерінің күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілік және дербестік өлшемдері бойынша сараланатын қызметкерлердің біліміне, машықтарына және кең ауқымды құзыреттеріне қойылатын жалпыланған талаптар;

7) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін дағдыларды қолдану қабілеті;

8) кәсіптік біліктілік картасы – кәсіптің атауын, Ұлттық біліктілік шеңберіне және салалық біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейлерінің арақатынасын (кәсіптік және еңбек қызметі түрлері мен біліктілік деңгейлері бойынша кәсіптік дамуды көрсететін кәсіптер арасындағы өзара байланысты) қамтитын құжат;

9) дағды – кәсіптік міндетті толық көлемде орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықтарды қолдану қабілеті;

10) Ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарығы тарапынан біліктіліктерге сұраныс пен білім беру жүйесі, оның ішінде бейресми білім беру арқылы қалыптасатын біліктіліктер ұсынысын реттеу және келісуді қамтамасыз ететін құқықтық және институционалдық құралдар мен тетіктердің жиынтығы;

11) Ұлттық біліктілік шеңбері – әрбір біліктілік деңгейі үшін кәсіптік қызметтің жалпы сипаттамалары мен білім беру деңгейінің сипаттамасын қамтитын құжат;

12) салалық біліктілік шеңбері – Қазақстан Республикасының Кәсіптер сыныптауышы, Ұлттық біліктілік шеңбері негізінде әзірленетін және орындалатын жұмыстардың күрделілігіне, қолданылатын білімге, машықтарға және құзыреттердің сипатына қарай саладағы мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптарды деңгейлер бойынша жіктейтін құжат (әрбір деңгей дескрипторлар деп аталатын бірыңғай параметрлердің (өлшемшарттардың) жиынтығымен сипатталады);

13) практикалық жұмыс тәжірибесі (практикалық қызмет тәжірибесі) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес расталған, күнтізбелік күндермен есептелетін мамандық (білім беру деңгейлері мен түрлері бойынша), кәсіп, біліктілік немесе жекелеген дағды (ішінара біліктілік) бойынша еңбек өтілі;

14) кәсіптік топ (кәсіптік қызмет саласы) – ортақ ықпалдастыру негізі (ұқсас немесе жақын мақсат, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін ұқсас еңбек функциялары мен құзыреттер жиынтығын көздейтін саладағы еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

15) кәсіптік кіші топ (еңбек қызметінің түрі) – еңбек функцияларының және оларды орындауға қажетті құзыреттердің тұтас жиынтығымен біріктірілген кәсіптік топтың құрамдас бөлігі, кәсіптер жиынтығы;

16) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындауға қажетті құзыреттерді меңгеру деңгейімен сипатталатын кәсіптік даярлық дәрежесі;

17) кәсіптік стандарт – формальды және (немесе) бейформальды және (немесе) информальды білім беруді ескере отырып, нақты кәсіптік қызмет саласындағы білімге, машықтарға, дағдыларға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, сондай-ақ еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін ресми жазбаша құжат;

18) оқыту нәтижелері – білім беру бағдарламасын меңгеру барысында білім алушының игерген және көрсете алған, бағалау арқылы расталған білім, машықтар мен дағдылар көлемі, сондай-ақ қалыптасқан құндылықтары мен қарым-қатынастары;

19) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндетін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекеттер жиынтығы;

20) салалық біліктілік жүйесіне қатысушылар:

- салалық мемлекеттік органдар;
- «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;
- жұмыс берушілер бірлестіктері (қауымдастықтар мен одақтар);
- жұмыс берушілер мен инвесторлар;
- кәсіптік қоғамдастықтар;
- білім беру ұйымдары (формальды және бейформальды білім беру);
- жұмыскерлер;
- Қазақстан Республикасының азаматтары.

21) функционалдық карта – белгілі бір кәсіптер бойынша қызметкер орындайтын еңбек функцияларының, білімнің, машықтардың, дағдылардың (кәсіптік міндеттердің) кәсіптік топ немесе кіші топ шеңберінде құрылымдалған сипаттамасы;

22) саланың функционалдық картасы – саладағы біртектес өнімдер немесе қызметтер өндіруді қамтамасыз ететін функциялардың, үдерістердің, кәсіптік қызмет салаларының және (немесе) еңбек қызметі түрлерінің құрылымдалған көрінісі.

2.1. Осы Әдістемелік ұсынымдарда мынадай қысқартулар мен аббревиатуралар қолданылады:

ХСКЖ-08 – 2008 жылғы Халықаралық стандартты кәсіптер жіктеуіші;

ХСБЖ – Халықаралық стандартты білім беру жіктеуіші;

БТБА – Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

БА – Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

ҰҚЖ – Қазақстан Республикасының Ұлттық қызметтер жіктеуіші;

КС – кәсіптік стандарт;

КБК – кәсіптік біліктілік картасы;

ҰКП – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

ӨКП – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кәсіпкерлер палатасы;

ҰБЖ – Ұлттық біліктілік жүйесі;

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

Салалық кеңес – кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес.

3. СБШ салалық біліктілік жүйесінің қатысушылары қатарынан барлық мүдделі тараптардың, сондай-ақ белгілі бір кәсіптер мен лауазымдар бойынша жұмыскерлердің, білім беру жүйесінің өкілдерінің, кәсіптік қауымдастықтар мен бірлестіктердің, кәсіподақтардың, біліктілікті сертификаттау және тану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын органдардың/ұйымдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, тәуелсіз сарапшылар мен консультанттардың кеңінен тартылуымен әзірленеді.

## II. Салалық біліктілік шеңберінің мақсаты

4. СБШ салалық біліктілік жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді және еңбек нарығының барлық қатысушыларына арналған. СБШ ҰБЖ-ның негізгі элементтерінің бірі бола отырып, белгілі бір салада жұмыс істеу үшін қажетті әртүрлі кәсіптер (лауазымдар, біліктіліктер) бойынша орындалатын жұмыстардың күрделілігі мен жауапкершілік деңгейіне, білім, машық және құзырет сипаттамаларына қарай біліктілік деңгейлерін жүйелі және құрылымдалған түрде сипаттауды қамтамасыз етеді.

5. СБШ саланың ерекшеліктерін, өндірістік циклдің сипаттамаларын (егер өнім өндіру үдерісінің әртүрлі кезеңдеріне әртүрлі кәсіптер мен лауазымдардың қатысуы талап етілсе), өнім (қызмет) түрлерін (топтарын) және белгілі бір саладағы еңбекті бөлу жүйесін ескере отырып, жұмыскерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

6. СБШ-де сипатталған біліктілік деңгейлері жаңа кәсіптік стандарттарды әзірлеу және қолданыстағыларын өзектендіру үшін, сондай-ақ ҰБШ-мен салыстыру үшін қажет, бұл әртүрлі салалар мен білім беру деңгейлері арасындағы тұтастық пен өзара түсіністікті қамтамасыз ететін бірыңғай, үйлестірілген ҰБЖ қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады.

7. ҰБШ біліктілік деңгейлерінің иерархиясын айқындайтын рамалық құрылымды ұсынады, бұл ұлттық деңгейде білім беру және кәсіптік жетістіктерді стандарттау мен жіктеуге ықпал етеді. Өз кезегінде, СБШ осы жалпы деңгейлерді әрбір саланың нақты талаптары мен ерекшеліктері контексінде егжей-тегжейлі нақтылайды, бұл біліктілік жүйесін экономиканың нақты салаларының (секторларының) ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

## III. Салалық біліктілік шеңберін әзірлеудің мақсаты мен қағидаттары

8. СБШ-ның мақсаты – ҰБШ-ға сәйкес әрбір біліктілік деңгейінде еңбек функцияларын орындау үшін қажетті дағдыларға, білімге және құзыреттерге қойылатын талаптарды қоса алғанда, белгілі бір сала шегінде кәсіптік біліктіліктерді деңгейлер бойынша құрылымдалған және стандартталған сипаттамасын қамтамасыз ету, сондай-ақ саралық құзыреттер мен сабақтас кәсіп түрлерін (біліктіліктерді) көрсете отырып, кәсіптерді біліктілік деңгейлері бойынша картаға түсіру.

9. СБШ мынадай қағидаттарды ескере отырып әзірленеді:

1) ҰБШ-ның талаптары мен дескрипторларына сәйкестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесімен ықпалдасуы мен үйлесімділігін қамтамасыз ету;

2) Жұмыс берушілер мен саланың нақты қажеттіліктерін, оның ішінде дағдылар мен құзыреттерге қойылатын қолданыстағы және болжамды талаптарды ескеру;

3) Саладағы өзара байланысты кәсіптік топтарды және (немесе) кіші топтарды айқындау, практикалық жұмыс тәжірибесін ескере отырып, бір біліктілік деңгейінен келесі деңгейге өту кезінде біліктілікті дамыту траекторияларының сабақтастығын қамтамасыз ету;

4) Салалық біліктілік жүйесінің барлық қатысушылары мен мүдделі тараптары үшін жұмыс барысы туралы ақпараттың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ әзірленетін біліктілік талаптарының нақты айқындалуын және барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету;

5) Саланың, технологиялардың, экономиканың және еңбек нарығының қажеттіліктеріндегі ықтимал өзгерістерге СБШ-ны бейімдеу мүмкіндігін ескеру;

6) СБШ-ны әзірлеуге және талқылауға сала өкілдерінің, оның ішінде жұмыс берушілердің, кәсіптік одақтардың, білім беру ұйымдарының және басқа да мүдделі тараптардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

7) Практикалық жұмыс тәжірибесін ескере отырып, төменгі біліктілік деңгейлерінен жоғары біліктілік деңгейлеріне өту кезінде біліктілікті дамыту траекторияларының сабақтастығын қамтамасыз ету;

8) Біліктіліктердің халықаралық деңгейде танылуын және салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерді ескеру;

10. СБШ мынадай талаптарды ескере отырып әзірленеді:

1) саладағы негізгі өнімді (өнімді немесе қызметті) айқындау;

2) саланың функционалдық карталарын жасау арқылы саланы функционалдық талдау жүргізу;

3) саланың шекараларын айқындау;

4) еңбекті бөлу жүйесін айқындау;

5) кәсіптік қызмет параметрлері мен экономикалық орындылықты ескере отырып, СБШ біліктілік деңгейлерін (кіші деңгейлерін) сипаттау.

## IV. Салалық біліктілік шеңберін әзірлеу және өзектендіру тәртібі

11. СБШ-ны әзірлеу тәртібі ұсынылатын мынадай негізгі кезеңдерден тұрады:

**11.1. 1-кезең. СБШ-ны әзірлеуді немесе өзектендіруді бастау**

Салалық мемлекеттік органдар СБШ-ны Қағидаларға сәйкес ҰБЖ цифрлық платформасында, салалық мемлекеттік органның өз құзыретіндегі салаларда СБШ-ның болмауы немесе толық қамтылмауы бойынша жүргізілген талдау нәтижелеріне, сондай-ақ Салалық кеңес мүшелерінің ұсыныстарына сүйене отырып әзірлейді. Ұсыныстар СБШ-дағы қолданыстағы ережелер мен ұсынылатын өзгерістерді салыстырмалы түрде көрсететін кестені қамтуы тиіс. Бұл кестеде СБШ-ның тиісті салалық секторларды, кәсіптік топтарды және (немесе) кіші топтарды қамтуының болмауы немесе толық еместігі көрсетіліп, ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларға негіздеме берілуі қажет.

Ұсыныстар жыл сайын, талдау жүргізілген жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірілмей Салалық кеңестің қарауына енгізіледі. Шешім Салалық кеңестің хаттамасымен ресімделеді және СБШ-ны әзірлеуді бастау немесе өзектендіру мақсатында салалық мемлекеттік органға жолданады.

**11.2. 2-кезең. СБШ жобасының дизайнын әзірлеу**

Салалық кеңес СБШ-ны әзірлеу қажеттілігі туралы тиісті хаттамамен ресімделген шешім қабылдағаннан кейін, салалық мемлекеттік орган 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобына тиісті кәсіптер мен лауазымдар бойынша жұмыскерлерді, жұмыс берушілер бірлестіктерінің (қауымдастықтар, одақтар) өкілдерін, кәсіптік одақтарды, білім беру ұйымдарын, кәсіби біліктіліктерді тану орталықтарын, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды енгізу ұсынылады.

Жұмыс тобы бұрын ұсынылған негіздеме мен СБШ бойынша қолданыстағы және ұсынылатын өзгерістердің салыстырмалы кестесіне сүйене отырып, СБШ жобасын әзірлеу бойынша дайындық жұмыстарын орындайды. Бұл жұмыстар төмендегі іс-шараларды қамтиды:

1) Саланы талдау

Саланы талдау саланың (қызмет саласының) ағымдағы жағдайын сипаттауды, саланың білікті жұмыскерлерге қатысты қазіргі және болашақтағы негізгі қажеттіліктерін, сондай-ақ қолданыстағы проблемалар мен саланың даму перспективаларын ескере отырып айқындауды көздейді. Ағымдағы жағдайды талдау төмендегілерді қамтуы мүмкін:

- аладағы ағымдағы жағдай туралы деректерді, оның ішінде салада қолданылып жүрген кәсіптер, біліктіліктер және дағдылар туралы ақпаратты жинау және талдау. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері, салалық мемлекеттік органның есептері, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның,

білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның деректері, қауымдастықтардың материалдары, сондай-ақ кәсіпорындар мен компаниялар тікелей жүргізген еңбек нарығын зерттеу нәтижелері және т.б. пайдаланылуы мүмкін;

Саланы дамыту перспективаларын талдау кезінде келесі ақпараттар қамтылуы мүмкін:

- салаға әсер етуі мүмкін жаңа технологиялар немесе әдістер қандай болатынын, олардың болашақта кәсіптерге, біліктіліктерге және дағдыларға қойылатын талаптарды қалай өзгертуі мүмкін екенін, сондай-ақ қандай жаңа дағдылар мен білімдер сұранысқа ие болатынын болжамды түрде айқындай отырып, технологиялық үрдістерді бағалау;

- сала болашағы туралы болжамдық ақпаратты нақтылауға және біліктіліктерге қатысты ықтимал қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік беретін сарапшылармен консультациялар нәтижелері, дөңгелек үстелдер мен талқылаулардың қорытындылары, сондай-ақ басқа да іс-шаралардың материалдары.

2) Саланы талдау барысында саланың типтік өнімдер немесе қызметтер өндіру бойынша өндірістік немесе бизнес-процестеріне функционалдық талдау жүргізіледі.

Саланы функционалдық талдау нәтижелері бойынша саланың функционалдық картасы ағаш тәрізді құрылымда жасалады: сала – салалық ішкі салалар/секторлар (қажет болған жағдайда) – кәсіптік қызмет салалары (қажет болған жағдайда) – еңбек қызметі түрлері (қажет болған жағдайда).

Саланың функционалдық картасы – біртектес өнімдер немесе қызметтер өндіруді қамтамасыз ететін саладағы функциялардың, процестердің, кәсіптік қызмет салаларының және қызмет түрлерінің құрылымдалған көрінісі.




*1-сурет. Саланың функционалдық картасының ағаш тәрізді құрылымының фрагменті*

Саланың функционалдық картасын жасау үшін көмекші кестені пайдалануға ұсынылады:

**1-кесте. Саланың функционалдық картасының көмекші кестесі**

| **Сала:** | |
|---|---|
| Саланың типтік өнімдері немесе қызметтері: | |
| Саланың технологиялық процестерінің негізгі функциялары: | |
| 1-деңгейдегі өндірістік процестер (салалық ішкі салалар/секторлар) | |
| 2-деңгейдегі өндірістік процестер (кәсіптік қызмет салалары) | |
| 3-деңгейдегі өндірістік процестер (еңбек қызметі түрлері) | |

Ұсынылған құрылым үлгілік сипатта екенін және ол саланың деректеріне әрі оның ерекшеліктеріне қарай өзгертілуі мүмкін екенін атап өткен жөн:

Функциялардың, процестердің атауларын қалыптастыру кезінде саланың технологиялық процестеріндегі олардың функционалдық мақсатына сүйену ұсынылады, анықтамалықтар мен жіктеуіштердегі атауларды негізге алмау қажет. Саланың функционалдық картасы құрал ретінде қызмет етеді және соның негізінде кәсіптік стандарттар әзірленетін әртүрлі жіктеуіштерден экономикалық қызмет түрлерін, кәсіптік топтар мен кіші топтарды айқындауға және жүйелеуге ықпал етеді.

Кәсіптік қызмет салаларының, қызмет түрлерінің және кәсіптік топтардың/кіші топтардың атауларын жіктеуіштер мен анықтамалықтарға сәйкес нақтылау кәсіби біліктілік картасында жүзеге асырылады, онда кәсіптер, біліктіліктер және кәсіби өсу көрсетіледі.

Саланың функционалдық картасы саланың шекараларын айқындау, ішкі салалар тізбесін, өнімдер немесе қызметтер топтарын қалыптастыру жұмыстарын жеңілдетеді. Бұл жұмыс ЭҚЖЖ-ны пайдалана отырып жүргізіледі, өйткені салалардың ЭҚЖЖ-ға мақсатты сәйкестігінің негізгі қағидаттарын айқындау және ҚР ЭҚЖЖ-дан негізгі секциялар мен бөлімдерді таңдау қажет.

Бұл үшін келесілерді айқындау ұсынылады:

- экономикадағы кәсіптерді секторларға, салаларға және ішкі салаларға бөлудің қоғамдық еңбек бөлінісінің қағидаттары;
- саланың экономикасындағы еңбек функцияларын талдауға жүйелі тәсіл, оның әртүрлі микро-, мезо- және макроэкономикалық деңгейлердегі құн тізбегіне бірігуінің құрамы мен күрделілігін қамтитын тәсіл;
- өнімдер (қызметтер) құн тізбегінде еңбек ресурстарын пайдаланудың экономикалық орындылығы мен тиімділігі;
- жұмыс орнында орындалатын, табыс немесе жалақы әкелетін, негізгі функциялар мен міндеттердің жоғары деңгейде сәйкестігімен сипатталатын еңбек міндеттеріндегі дағдылардың мәні мен рөліне назар аударатын үдерістік тәсіл.

3) ҰҚЖ-ға және саланың функционалдық картасына, саланың ағымдағы жағдайы мен салалық қажеттіліктерге жүргізілген талдау негізінде кәсіптер кәсіптік топтар мен кіші топтарға топтастырылады. Бұл сала ішіндегі кәсіптердің, біліктіліктер мен лауазымдардың алуан түрлілігін жүйелеуге және құрылымдауға мүмкіндік береді. ЭҚЖЖ-ның бөлімдері мен секцияларына олардың сәйкестігін тексеру үшін ҰҚЖ бойынша кәсіптердің толық тізбесіне талдау жүргізіледі.

Әрбір кәсіптік топ пен кіші топ шеңберінде негізгі және саралық кәсіптер (мамандықтар мен лауазымдар) айқындалады. Негізгі кәсіптер әдетте осы салада/қызмет түрінде орындалатын негізгі функциялар мен міндеттерді көрсетеді, ал саралық кәсіптер әртүрлі салаларда қолданылуы мүмкін жалпы кәсіптер мен лауазымдарды немесе сабақтас және (немесе) сквозной сипаттағы кәсіптер мен біліктіліктерді қамтуы мүмкін.

Алдын ала кәсіптік топтар, кіші топтар, негізгі және саралық кәсіптер тізбесі жасалғаннан кейін, мүдделі тараптармен талқылау жүргізу ұсынылады.

4) Біліктілік дескрипторларын әзірлеу.

Негізделген себептер болған жағдайда, СБШ шеңберінде біліктілік деңгейлері ішінде біліктілікке қойылатын салалық талаптардың ерекшелігін көрсететін кіші деңгейлер бөлінуі мүмкін (мысалы, бір кәсіп шеңберінде дағдыларды біріктіру, кәсіп ауқымын кеңейту үшін ішінара біліктіліктерді біріктіру), бұл ретте жұмыскерлердің кәсіби даму деңгейі мен жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

СБШ-ның әрбір деңгейіндегі кәсіптік құзыреттерге қойылатын талаптарды, егер кіші деңгейлер болған жағдайда, осы кіші деңгейлердің әрқайсысы бойынша дескрипторлар арқылы сипаттау ұсынылады. Дескрипторлар – осы саладағы кәсіптік қызмет саласы мен еңбек қызметі түрі шеңберінде орындалатын міндеттердің сипаттамаларын айқындайтын параметрлер мен өлшемшарттар.

Біліктілік дескрипторларын әзірлеу мыналарды қамтиды:

4.1) ҰБШ-дағы біліктілік деңгейі; кіші деңгейлер бөлінген жағдайда, СБШ шеңберінде әрбір деңгей мен оның кіші деңгейлерінің параметрлері мен өлшемшарттарын декомпозициялау қажет;

4.2) білім;

4.3) машықтар/дағдылар;

4.4) құзыреттер: кәсіби және/немесе жеке тұлғалық аспектілерді қамтиды, мысалы, мыналарды:

- дербестік (мысалы, командада жұмыс істеу, нәтижеге бағдарлану, процеске ықпал ету, жоспарлау және ұйымдастыру/орындаудың уақтылылығы);
- жауапкершілік (мысалы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, бағыныштыларды дамыту, жұмыстың сапасы, нәтижелілігі және уақтылы орындалуы үшін жауапкершілік).

4.5) еңбектің ұжымдық бөлінісіндегі рөлдер (мысалы, басқару, негізгі өндіріс/қызмет көрсету (салалық шекараларды айқындайды), өндірісті дайындау, өндірістен кейінгі процестер, қосалқы (қамтамасыз етуші) процестер).

Осылайша, СБШ-ның осы бөлімінде ұсынылған ақпарат оны қабылдау мен қолдану үшін неғұрлым қолжетімді етеді және біліктілік дескрипторларының құрылымы мен мазмұнын түсінуді жеңілдетеді.

Әзірлеуші біліктілік деңгейі ішінде біліктілік кіші деңгейлерін белгілеуді ұсынған жағдайда, дағдылар сипаттамасын ұсынылған біліктілік кіші деңгейлеріне сәйкес толықтыру қажет.

СБШ-да бір біліктілік деңгейі ішінде әртүрлі функцияларды орындау және саланың да, жұмыс күшінің де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біліктілік кіші деңгейлеріне бөлудің себептері мен негіздемелері:

- егжей-тегжейлі сипаттама әрбір біліктілік кіші деңгейінде қажетті дағдыларға қойылатын талаптарды нақты түсінуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім беру ұйымдарына саланың ерекше талаптарына сәйкес мақсатты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді;
- жұмыскерлерді іріктеу және қабылдау процесін оңтайландыру – жұмыс берушілер осы сипаттамаларды жұмыскерлерді қабылдау және іріктеу кезінде біліктілік талаптарын дәл айқындау үшін пайдалана алады, бұл кадрларды неғұрлым тиімді және мақсатты түрде іріктеуге ықпал етеді;
- нақты сипатталған дағды сипаттамалары бар біліктілік кіші деңгейлері жұмыскерлерге мансаптық өсуінің ықтимал жолдарын көруге және келесі біліктілік кіші деңгейіне немесе біліктілік деңгейіне өту үшін қандай қосымша дағдыларды меңгеру қажет екенін түсінуге мүмкіндік береді;
- әрбір біліктілік кіші деңгейіндегі дағдылардың егжей-тегжейлі сипаттамасы біліктілік талаптарын технологиялардағы, нарықтық жағдайлардағы және реттеушілік ортадағы өзгерістерге жедел бейімдеуге мүмкіндік береді;
- әрбір біліктілік кіші деңгейінде дағдыларға қойылатын егжей-тегжейлі талаптарды айқындау нақты біліктілік олқылықтарын толықтыруға бағытталған оқытуды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды неғұрлым тиімді әрі мақсатты түрде ұйымдастыруға, сондай-ақ жекелеген дағдыларды тануға мүмкіндік береді.

5) Бастапқы біліктілік деңгейлерінен неғұрлым жоғары деңгейлерге өту кезінде, сондай-ақ жұмыс тәжірибесін ескере отырып, бір тік деңгей шеңберіндегі көлденең ұтқырлық кезінде біліктіліктерді дамыту бойынша мансаптық траекториялардың сабақтастығын айқындау және сақтау.

СБШ ҰБШ-ға сәйкес біліктіліктің иерархиялық құрылымдағы барлық 8 деңгейін қамтуы мүмкін. СБШ талаптары формальды, бейформальды және информальды білім беру нәтижелеріне қол жеткізу контексінде, оның ішінде практикалық жұмыс тәжірибесін ескере отырып айқындалады. Талаптар саланың ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір біліктілік деңгейі немесе кіші деңгейі үшін егжей-тегжейлі нақтыланады.

6) КБК-ны әзірлеу

СБШ-дағы КБК келесі алгоритм бойынша әзірленеді:

6.1) Саланың функционалдық картасын ескере отырып, ҚР ЭҚЖЖ-дан негізгі секциялар мен бөлімдерді таңдау.

6.2) ҚР ҰКС-дағы кәсіптердің жалпы тізбесін ҚР ЭҚЖЖ-ның секциялары мен бөлімдеріне сәйкестігі тұрғысынан талдау.

6.3) 2008 жылғы ХСКЖ бойынша бастапқы кәсіптік топтарды ҚР ҰҚЖ-мен салыстыру.

6.4) Саланың функционалдық картасындағы деректер мен ЭҚЖЖ және ҰҚЖ мәліметтері арасындағы айырмашылықтарды тіркеу.

6.5) Жұмыс тобы сәйкестік немесе сәйкессіздік туралы шешім қабылдаған жағдайда, бекітілген үлгідегі СБШ шаблонының нысанына (1-қосымша) ҰҚЖ бойынша бастапқы кәсіптік топтардың, кәсіптік топтардың, негізгі кәсіптік топтардың атаулары мен кодтарын, кәсіп атауын, дағды деңгейін, ҰБШ бойынша біліктілік деңгейін, сондай-ақ ЭҚЖЖ бойынша секциялар, бөлімдер, топтар, сыныптар және кіші сыныптар туралы мәліметтерді енгізу.

6.6) Жұмыс тобының шешімдеріне сәйкес ҚР ЭҚЖЖ-ның секциялары мен бөлімдеріне сәйкестігі айқындалмаған кәсіптерді алып тастау (КБК құрамынан шығару).

6.7) Қорытынды кесте КБК-ны құрайды.

КБК саланың деңгейлері (кіші деңгейлері) бойынша кәсіби дамуға арналған нұсқаулық ретінде қызмет етеді және барлық біліктіліктердің өзара байланысын, сондай-ақ басқа салалармен сабақтас және сквозной сипаттағы қызмет түрлері мен біліктіліктермен байланысын визуализациялау үшін пайдаланылады.

СБШ-ны әзірлеу кезінде БТБА разрядтары мен біліктілік деңгейлерін ескеру үшін БТБА-ға талдау жүргізіп, жұмысшы кәсіптерінің разрядтарын, олардың сипаттамасын және біліктілік талаптарын айқындау мақсатында талдау жасау ұсынылады.

СБШ-да кәсіптерді біліктілік деңгейлері бойынша бөлу КС әзірлеу кезінде, еңбек функцияларын біліктілік деңгейлері дескрипторларымен салыстыру барысында нақтылануы мүмкін және СБШ-ға тиісті өзгерістер енгізіледі.

Салалық кеңес осы ұсыныстарды жинақтайды және, шамамен 3 жылда бір рет, өзектендіру рәсімі шеңберінде кәсіптерді СБШ-ға енгізеді.

КБК жұмыс топтарында талқылау және әр тараптың пікір алмасуы нәтижесінде қол жеткізілген консенсус негізінде әзірленеді.

**11.3. 3-кезең. СБШ жобасын Салалық кеңестің бекітуіне ұсыну**

Салалық кеңестің шешімі бойынша СБШ-ның алдын ала жобасы мүдделі тараптардан кері байланыс алу (сауалнама жүргізу, ұсыныстар жинау, фокус-топ өткізу) мақсатында талқылауға шығарылуы мүмкін.

Жұмыс тобы СБШ жобасын әзірлеуді аяқтағаннан кейін, салалық мемлекеттік орган 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде СБШ жобасын бекіту үшін Салалық кеңестің қарауына енгізеді. Салалық кеңес жоба келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде СБШ-ны бекітеді немесе мемлекеттік органға оны пысықтау бойынша ұсыныстар жібереді.

Салалық кеңестің ұсыныстарын ескере отырып, СБШ жобасын пысықтауды салалық мемлекеттік орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады және оны қайтадан Салалық кеңестің бекітуіне жолдайды.

**11.4. 4-кезең. СБШ жобасын бекіту және ҰБЖ цифрлық платформасында орналастыру**

Салалық кеңес пысықталған СБШ жобасын ол келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды және бекітеді. Салалық мемлекеттік орган Салалық кеңес бекіткеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде СБШ-ны мемлекеттік және орыс тілдерінде ҰБЖ цифрлық платформасында өзектендіреді.

## V.СБШ-ның құрылымдық элементтерін әзірлеу жөніндегі ұсынымдар

12. **СБШ-ның атауы –** оны ЭҚЖЖ-ның тиісті секцияларының, бөлімдерінің немесе топтарының атаулары негізінде қалыптастыру ұсынылады.

13. **СБШ паспорты –** паспортта саланың (қызмет саласының) сипаттамасы көрсетіледі, бұл ретте СБШ-ны әзірлеу сәтінде қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге қайшы келмеуіне ерекше назар аудару ұсынылады.

Келесіде СБШ әзірленген экономикалық қызмет түрі, ЭҚЖЖ-ның бөлімдері, топтары, сыныптары және кіші сыныптары көрсетіледі. Егер сала (қызмет саласы) шекараларына бірнеше экономикалық қызмет түрі кіретін болса, олардың әрқайсысы көрсетіледі.

Мысалы: **С 24.41.0 – бағалы (асыл) металдарды өндіру** немесе толық сипаттама:

С – Өңдеу өнеркәсібі

24 – Металлургиялық өндіріс

244 – Негізгі бағалы және түсті металдарды өндіру

2441 – Бағалы (асыл) металдарды өндіру

24410 - Бағалы (асыл) металдарды өндіру

14. **«Жалпы ережелер»** бөлімі – саланың жақын 3 жылға (саланың даму серпініне байланысты 5 жылға) арналған перспективалық дамуын ескере отырып, саланың негізгі пайымын, сондай-ақ осы СБШ-ның қолданылу кезеңіне арналған мақсаттары мен міндеттерін көрсетеді.

15. **«Саланың (қызмет саласының) ағымдағы жағдайы»** бөлімі кәсіптік қызмет салаларының және (немесе) еңбек қызметі түрлерінің сипаттамасын, олардың ҰҚЖ және ЭҚЖЖ бойынша өзара байланысын бес бөлім бойынша қамтиды:

1) басқару процестері
2) өндірістік процесті дайындау
3) негізгі өндірістік процестер
4) өндірістен кейінгі процестер (өткізу)
5) қосалқы процестер (қамтамасыз ету)

Сипаттама кестелік немесе мәтіндік түрде ұсынылуы мүмкін, бұл ретте егер салада қандай да бір процестер бойынша мамандар болмаса, тиісті бөлім толтырылмайды. Процестердің түрлері саланың функционалдық картасында көрсетілуі мүмкін.

**2-кесте. Процестер арасындағы өзара байланыстың мысалы: мұнай мен газды барлау және өндіру бойынша біліктіліктің функционалдық кестесі.**

<table>
<tr><th>ҰБШ Біліктілік деңгейі</th><th colspan="3">СБШ «Мұнай мен газды барлау және өндіру»</th></tr>
<tr><td>8</td><td colspan="3" rowspan="2">1-бөлім. Басқару процестері<br>Бұрғылау жұмыстарын басқару және ұңғымаларды бағалау. Кен орындарын игеру. Мұнай мен газды тиімді әрі қауіпсіз өндіруді, сондай-ақ оларды кейіннен өңдеуді қамтамасыз ету. Мұнай мен газ өндіру саласындағы барлық процестерді стратегиялық жоспарлау, үйлестіру және бақылау. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және еңбек гигиенасын жүйелі басқару. Жобаларды басқару. Тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару. Сапаны бақылау. Жоспарлау және қаржылық басқару. Персоналды басқару.</td></tr>
<tr><td>7</td></tr>
<tr><td>3-6</td><td>3-бөлім<br>Өндірістік процесті дайындау.<br>Геологиялық, геофизикалық деректерді жобалау және бағалау, технологиялық сызбаларды әзірлеу.</td><td>2-бөлім<br>Негізгі өндірістік процестер.<br>Бұрғылау тізбегін орнату. Пайдалану ұңғымаларын бұрғылау. Арнайы техникалар мен жабдықтарды жұмыс орнына</td><td>4-бөлім<br>Өндірістен кейінгі процестер.<br>Перфорация. Ұңғымаларды сынау. Ұңғымаларды қызмет көрсету және жөндеу. Ұңғыма сағалық жабдықтарын күтіп ұстау. Ұңғымалардың</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Бұрғылау бағдарламасын жоспарлау, оның ішінде бұрғылау әдістерін таңдау, қажетті жабдықтар мен материалдарды айқындау. Геофизикалық зерттеулерді жоспарлау және жүргізу. Қабат қысымын болжауды қоса алғанда, орташа күрделіліктегі ұңғымаларға арналған бағдарламаны әзірлеу. Бағалау мақсатында барлау бұрғылауын жүргізу, бұрғылау жұмыстарын орындау. Ең перспективалы кен орындарын таңдау үшін геологиялық деректерді зерттеу және талдау. Экономикалық тиімділікті бағалау. Кен орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экологиялық стандарттарды сақтау жөніндегі жоспарларды әзірлеу. Логистикалық дайындық және бұрғылау қондырғысын кен орнында орналастыру. | жеткізу. Тікелей бұрғылау жұмыстарын жүргізу, яғни тау жыныстарын бұзу және ұңғыма оқпанын тереңдету бойынша кешенді іс-шаралар. Шегендеу тізбегін түсіру. Тампонаждау (бекіту жұмыстары). Ұңғыманы игеру: ұңғыма оқпанын перфорациялау және сұйықтықтардың ағынын қамтамасыз ету. Қабат қысымын ұстап тұру. Қабатты гидравликалық жару. Ұңғымаларды жою және консервациялау. | жұмыс параметрлерін бақылау. Ұңғымалардың тұтастығын сақтау. Құбырлар арасындағы қысымды (межколондық қысымды) мониторингілеу. Өндіруді басқару жүйелерін автоматтандыру. Бұрғылау жұмыстарын орындау, бұрғылау жұмыстарын аяқтау және ұңғымаларды күрделі жөндеу бойынша неғұрлым жоғары күрделілік деңгейіндегі жұмыстарды орындау. |
| **2** | **5-бөлім. Қосалқы процестер:** Жабдықтау, логистика. Экологиялық талаптарға сәйкес рұқсат құжаттарын рәсімдеу, өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Жобаларды үйлестіру. Коммуникациялар. Есептілік. Стандарттарды сақтау. Техникалық қолдау. | | |

16. **«Саланы (қызмет саласын) талдау»** бөлімі **«Саланың (қызмет саласының) ағымдағы жағдайы»** бөліммен логикалық тұрғыдан өзара байланысты.

Бұл бөлімде сондай-ақ нақты саланың ағымдағы жағдайы, қазіргі ахуалы және болашақ даму перспективалары сипатталуы тиіс. Талдаудың бұл бөлігі әдетте салаға әсер ететін әртүрлі аспектілерді бағалауды қамтиды және бизнес, инвестициялау және саясат салаларында негізделген шешімдер қабылдау үшін пайдаланылады. Саланы талдауды жалпы республикалық

өнімдегі саланың үлесі, еңбекақы төлеуге арналған қаржыландыру көлемі, салалық өнімдегі үлесі және өнім өндіруде қолданылатын технологиялар тұрғысынан жүргізу ұсынылады.

Бұл жағдайда мазмұнға халықаралық, ұлттық және салалық статистика нәтижелерін, жаңа технологиялардың сипаттамасын, халықаралық үрдістерді, нормативтік-құқықтық базаны; ғылыми зерттеулер материалдарын және саланың үздік тәжірибелерін; стратегияларды, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды, мемлекеттік органдар мен кәсіби қауымдастықтардың есептері мен материалдарын енгізу ұсынылады. Саланың құрылымын кәсіптік-біліктілік тұрғыда талдау, жаңа кәсіптер мен біліктіліктер: атаулары, жаңа талаптар, кәсіби қызмет нәтижелері, өзгерістердің перспективалары. Еңбек ресурстарына күтілетін сұраныс пен ұсыныс, білім беру ұйымдарында кадрлар даярлаудың ағымдағы жағдайы. Таңдалған дескрипторлардың қысқаша сипаттамасы.

17. Келесі бөлім ЭҚЖЖ бойынша әрбір кәсіптік қызмет саласы және (немесе) еңбек қызметі түрі бойынша **кәсіпорындардағы ҰҚЖ-ға сәйкес негізгі кәсіптік топтар мен кәсіптерді сипаттауды**, сондай-ақ оларға сәйкес келетін білім беру біліктіліктерін (дипломдар, сертификаттар, куәліктер) және жұмыс тәжірибесін көрсетуді көздейді. Сондай-ақ мұнда салалық кәсіпорындардағы кәсіптер мен лауазымдардың басқа да атаулары және оларды игеру жолдары көрсетілуі мүмкін. СБШ әзірлеушілері бұл ақпаратты кестелік түрде ұсына алады, бұл ретте кесте форматы саланың (қызмет саласының) ерекшеліктері мен біліктілікке қол жеткізу жолдарын ескере отырып, тікелей әзірлеушілермен айқындалады.

18. **«Сала (қызмет саласы) кәсіптік стандарттарының тізбесі»** бөлімі. СБШ-ның маңызды элементтерінің бірі – сала (қызмет саласы) кәсіптік стандарттарының тізбесін көрсету: қолданыстағылар, жоспарланған және әзірлеу қажет деп саналатын стандарттар. Қолданыстағы кәсіптік стандарттар үшін олардың қолданылу мерзімі мен өзектендіру күні көрсетілуі ұсынылады, ал әзірлеу жоспарланған стандарттар үшін олардың жоспарланған әзірлеу кезеңі көрсетілуі тиіс.

19. **«Қорытындылар мен ұсыныстар»** бөлімі: қарастырылып отырған салада (қызмет саласында) ҰҚЖ-ны, білім беру жіктеуіштерін жаңарту жөніндегі ұсынымдарды қамтиды, қажет болған жағдайда ЭҚЖЖ-ны түзету бойынша ұсыныстар да енгізіледі, бұл ретте жаңарту мен толықтырудың негізделген себептері көрсетіледі. Сондай-ақ кәсіптік біліктіліктерді тану жөніндегі ұсыныстар, кәсіптер тізілімін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізілуі мүмкін.

20. **«СБШ біліктілік деңгейлерін сипаттау»** бөлімі кестелік түрде ұсынылады (толтырылған кестенің үлгісі 1-қосымшада келтірілген) және салалық деңгейлер (кіші деңгейлер) бойынша кәсіптерді құруға, сондай-ақ тиісті салалық процестермен байланыстыруға арналған: сабақтас және сквозной басқару процестері, салалық процестер, дайындық (саралық) процестер, өндірістен кейінгі (саралық) процестер. Мұнда сондай-ақ кезеңдер мен ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөл көрсетіледі. Кезеңдерге мысалдар: бастама көтеру және жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау, нақтылау және деталдау, өзгерістерді басқару, процестердің орындалуын реттеу, процестердің орындалуын талдау және кеңес беру және т.б.

«Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөл» деп функционалдық еңбек бөлінісі түсініледі, яғни орындалатын функциялар қағидаты бойынша бөліну: мысалы, басқару, үйлестіру, кеңес беру, қызмет көрсету, негізгі өндіріске қатысу және т.б.

21. Қызмет түрін талдау кезеңі бекітілген нысан бойынша толтырылатын **«Кәсіптік біліктіліктердің функционалдық картасы»** құжатын әзірлеумен аяқталады [1] (*толтырылған кестенің үлгісі 2-қосымшада келтірілген*), ол СБШ-ның келесі бөлімін құрайды. Осы картада жұмыскерлердің кәсіби дамуының мүмкін траекторияларын көрсету үшін кәсіптер/кәсіптік қызмет түрлері арасындағы байланыс ұсынылады. Кәсіби даму СБШ-ның бір біліктілік деңгейі шегінде – көлденең бағытта, сондай-ақ әртүрлі біліктілік деңгейлері бойынша – тік бағытта жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл карта саланы (қызмет саласын) функционалдық талдау нәтижесі

[1] Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 384 бұйрығына «Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларын бекіту туралы» қосымшасының 2-кестесі

болып табылады және бір СБШ деңгейі ішінде немесе әртүрлі деңгейлер арасында мансаптық дамудың ықтимал жолдарын көздейді.

22. **«Халықаралық стандартты кәсіптер жіктемесі 2008 (ISCO-08) және ҰҚЖ ескеріле отырып, СБШ-дағы кәсіби біліктіліктер картасы»** бөлімі бекітілген үлгіге сәйкес толтырылады [2]. КБК-ны толтыру процесі осы Әдістемелік ұсынымдардың 7-тармағының 6) тармақшасында қарастырылған. КБК-ны толтыру мысалы осы Әдістемелік ұсынымдардың 1-қосымшасында келтірілген.

23. **СБШ және КБК үшін ақпарат көздері, болжау және өзектендіру**

СБШ-ға өзгерістер төмендегілер негізінде енгізіледі:

- статистикалық деректер мен зерттеулерге мониторинг жүргізу нәтижелері;
- саланың қатысушылары арасында жүргізілген сауалнамалар;
- стейкхолдерлердің өзгерістерге қатысты жоспарлары мен стратегияларын талдау;
- статистика, динамикалық статистикалық қатарлар, бюллетеньдер мен кестелер;
- жіктеуіштердегі өзгерістер;
- ҰКП (нарық) ұсыныстары;
- инноваторлар мен стартаптардың (технологиялар) ұсыныстары;
- жұмыс берушілердің (еңбек жағдайлары) ұсыныстары;
- инвесторлардың (табыс/табыстылық) ұсыныстары.

СБШ-ны әзірлеу және өзектендіру барысында, оның ішінде функционалдық талдау жүргізу кезінде келесі әдістерді қолдану ұсынылады:

- статистика, мониторинг және болжамдар (форсайттар) деректерін зерделеу және жүйелі талдау);
- түрлі дереккөздерді (жарияланған есептерді, статистикалық деректерді, даму үрдістері туралы мәліметтерді және т.б.) зерделеу;
- мемлекеттік және жеке сектор ұйымдарынан осы кәсіптік қызмет түрімен айналысатын, лауазымдық иерархияның әртүрлі деңгейіндегі тәжірибелі басқарушы қызметкерлерге сауалнама жүргізу;
- фокус-топтар өткізу.

Саланы талдау, оның ішінде функционалдық талдау жүргізу кезінде, келесі кең ауқымды дереккөздерден алынған ақпаратты пайдалану ұсынылады:

- мемлекеттік реттеу саласындағы құжаттар,
- мемлекеттік статистика органдарының деректері;
- нарықты реттеуші органдардың деректері;
- сауда-өнеркәсіп палаталары ұсынатын деректер;
- салалық деректер мен ғылыми зерттеулердің нәтижелері;
- консалтингтік ұйымдардың материалдары;
- жұмыс берушілер мен жұмыскерлер бірлестіктерінің материалдары;
- кәсіптік қоғамдастықтар мен кәсіптік одақтардың мониторингі материалдары.

Пайдаланылған әрбір дереккөзге сілтеме СБШ-да мәтін ішінде немесе «Пайдаланылған дереккөздер» атты жеке бөлімде көрсетілуге тиіс.

24. **Рәсімдеу**

СБШ мәтіні Times New Roman қарпімен, 14 кегль өлшемінде және бір жоларалық интервалмен рәсімделеді. Бөлімдердің атаулары 14 кегль өлшеміндегі қалың қаріппен беріледі.

Кестелердің ішіндегі мәтін 12 кегль өлшеміндегі қаріппен рәсімделеді. Бет параметрлері кітаптық бағдарда белгіленеді: оң жақ өрісі – 15 мм, сол жақ өрісі – 30 мм, жоғарғы және төменгі өрістері – 20 мм.

---

[2] Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 384 бұйрығына «Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларын бекіту туралы» қосымшасының 3-кестесі

Беттердің нөмірленуі әрбір парақтың жоғарғы жағының ортасына араб цифрларымен қойылады.

Қағидалардың талаптарына сәйкес, СБШ-ның біліктілік деңгейлерінің сипаттамасы, кәсіптік топтар бөлінісінде кәсіптер көрсетілген кәсіптік біліктіліктердің функционалдық картасы және кәсіптік біліктіліктер картасы электрондық түрде, xls (Microsoft Excel) форматында толтырылады. Осыған байланысты СБШ-ның аталған құрылымдық элементтерін Word, PDF немесе өзге форматтарда ұсынуға жол берілмейді.

*1-қосымша*

*Салалық біліктілік шеңберінен үзінді*
*«Мұнай мен газды барлау және өндіру»*

## «СБШ-ның біліктілік деңгейлерінің сипаттамасы»

| СБШ деңгейі | ҰКЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1-бөлім. Сабақтас және көлденең басқару процестері** | | | | | | | |
| 8 | 1210-0 Мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың бірінші басшылары | 8 | Процестерді бастау және жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау, орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару. | Басқару | Инновациялық-кәсіби қызмет саласындағы әдіснамалық білімдер. Мұнай-газ саласындағы осы саланың ең озық жетістіктері деңгейіндегі жаңа күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу үшін қажетті арнайы білімдер. | Идеяларды қалыптастыру, инновациялық қызмет нәтижелерін болжау, кәсіби және әлеуметтік салада ауқымды өзгерістерді жүзеге асыру, күрделі өндірістік процестерді басқару қабілеті. Мұнай-газ (өндіруші және мұнай сервистік) ұйымының қызметін дамыту үшін қажетті ақпаратты бағалау және іріктеу дағдылары. | Көшбасшылық қасиеттер, жауапкершілік, коммуникабельділік. Жүйелі және стратегиялық ойлау, логикалық әдістерді қолдана отырып стратегиялық шешімдер қабылдау. |
| 6-7 | 1322-0 Мамандандырылған геологиялық және өндіру бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) | 6-7 | Процестерді бастау және жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау, орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару. | Басқару | Мұнай мен газды барлау және өндіру саласындағы тұжырымдамалық кәсіптік білімдер (оның ішінде инновациялық білімдер) мен тәжірибе. Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, өндірістік процестер технологиясының негіздерін, еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай жүйесін, өндірісті басқару | 1) Жаңа тәсілдерді әзірлеуді және әртүрлі, оның ішінде инновациялық әдістерді қолдануды талап ететін технологиялық немесе әдіснамалық сипаттағы мәселелерді шеше білу.<br>2) Бөлімшенің немесе ұйымның қызметіне түзетулер енгізу.<br>3) Қойылған мақсаттарды және оларға қол жеткізу әдістері мен құралдарын таңдауды ғылыми | Көшбасшылық қасиеттері, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, жүйелі және аналитикалық ойлау қабілеті, күйзеліске төзімділігі, жауапкершілігі. Теориялық және практикалық білімдерді қолдана отырып, кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу қабілеті. |

| СБШ деңгейі | ҰКЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | экономикасын, персоналды басқару теориясының негіздерін, сондай-ақ ISO халықаралық стандарттарының негізгі талаптарын білу. | тұрғыдан негіздеу іскерлігі мен дағдылары. | |
| **2-бөлім. Салалық процестер (саланың шекараларын айқындайды)** | | | | | | | |
| 6 | 2114-1 Геологтар<br>2146-1 Геофизиктер<br>2147-1 Шикі мұнай мен табиғи газды бұрғылау жөніндегі инженерлер | 6 | Процестерді ұйымдастыру және бақылау, олардың орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару. | Қызмет көрсету | Арнайы (теориялық және практикалық), оның ішінде инновациялық білімдердің кең ауқымы. Кәсіби ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және бағалау. Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін білу. Өндірістің технологиялық процестері мен режимдерін, қолданыстағы стандарттарды, техникалық шарттарды, техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды, экономика, еңбекті, өндірісті және басқаруды ұйымдастыру негіздерін, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидаларын, өрт қауіпсіздігі талаптарын білу. Қазіргі заманғы зерттеулер мен әзірлемелерді жоспарлау және ұйымдастыру әдістері мен құралдарын, эксперименттер мен бақылаулар жүргізу, ақпаратты жинақтау және өңдеу тәсілдерін білу. | Шешу тәсілдерін таңдауды және олардың алуан түрлілігін көздейтін технологиялық сипаттағы мәселелерді шешу. Технологиялық процестің құрамдас бөліктерін әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және түзету.<br>Жаңа білімді дамытуға және әртүрлі салалардағы білімдерді кіріктіру рәсімдерін жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыру дағдылары; өз ойын жазбаша және ауызша түрде дұрыс әрі қисынды жеткізе білу; мұнай-газ саласы бойынша теориялық білімді практикалық қызметте қолдана білу. | Көшбасшылық қасиеттері, жауапкершілігі, жүйелі ойлау қабілеті, тиімді коммуникация орната білу қабілеті, жұмысты уақтылы орындау қабілеті. |
| 6 | 2147-2 Шикі мұнай мен табиғи газды өндіру жөніндегі инженерлер<br>2147-3 Мұнай-газ құғымаларын пайдалану жөніндегі инженерлер<br>2147-9 Мұнай-газ ісі жөніндегі басқа инженерлер, басқа топтарға енгізілмеген (б.т.е.)<br>2141-1 Жалпы бейіндегі | 6 | Процестерді ұйымдастыру және бақылау, олардың орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару. | Негізгі өндіріс | | | |

| СБШ деңгейі | ҰКЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | инженер-технологтар | | | | | | |
| 4-5 | 3111-3 Геолог-техниктер<br>3118-1 Шикі мұнай мен табиғи газды бұрғылау жөніндегі техниктер | 4-5 | Процестердің орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару | Қызмет көрсету | Қызметті жүзеге асыру үшін қажетті кәсіптік (практикалық және теориялық) білімдер және кәсіптік білім алу процесінде, сондай-ақ өз бетінше алынған практикалық тәжірибе. Мұнайды, газды және газ конденсатын өндірудің технологиялық процесін, газды айдау және іріктеу процестерін, жабдықтардың техникалық сипаттамалары мен техникалық пайдалану қағидаларын, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу қағидаларын, ұңғымаларды жөндеу түрлерін, зерттеу әдістерін, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика құралдарын (КИП) білу. Арнайы (теориялық және практикалық), оның ішінде инновациялық білімдердің кең ауқымы. Кәсіби ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және бағалау. | Тапсырмаларды орындау, объектілердегі жағдайды талдау, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика құралдарын (КИП) пайдалана отырып, әртүрлі техникалық параметрлердің шамаларын өлшеу, нормативтік талаптарға сәйкес техникалық құжаттаманы жасау, типтік шешімдер қабылдау. Шешу тәсілдерінің әртүрлілігін және оларды таңдауды көздейтін практикалық міндеттерді шешу. Қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау. Ағымдағы және қорытынды бақылауды жүзеге асыру, қызметті бағалау және түзету. | Ұйымдастырушылық қабілеті, жүйелі және аналитикалық ойлау қабілеті, күйзеліске төзімділігі, жауапкершілігі. Теориялық және практикалық білімдерді қолдана отырып, кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу қабілеті. |
| 4 | 3118-2 Шикі мұнай мен табиғи газды өндіру жөніндегі техниктер<br>3118-9 Мұнай-газ ісі жөніндегі басқа техниктер, б.т.е.<br>3112-1 Жалпы бейіндегі техник-технологтар | 4 | Процестердің орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару | Стандартты және қарапайым біртипті практикалық міндеттерді шешу. Білімдері мен практикалық тәжірибесі негізінде белгілі әрекет ету тәсілдерінің ішінен таңдау жасау. Алынған нәтижелерді ескере отырып, қызметке түзетулер енгізу. | | | |
| 6 | 8100-0 Өндірістік стационарлық жабдық операторларына жетекшілік ететін | 6 | Процестерді ұйымдастыру және бақылау, процестердің орындалуын талдау және | Негізгі өндіріс | Арнайы (теориялық және практикалық), оның ішінде инновациялық білімдердің кең ауқымы. Кәсіби ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және бағалау. | Белгілі бір білім саласына қатысты, шешу тәсілдерін таңдауды және олардың алуан түрлілігін көздейтін технологиялық немесе | Көшбасшылық қасиеттері, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, жүйелі және аналитикалық ойлау қабілеті, күйзеліске төзімділігі, жауапкершілігі. Теориялық және практикалық білімдерді қолдана |

| СБШ деңгейі | ҰҚЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | супервайзерлер (бригадирлер) | | реттеу, өзгерістерді басқару | | | әдістемелік сипаттағы мәселелерді шешу. Технологиялық процестің құрамдас бөліктерін әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және түзету. Жаңа білімді дамытуға және әртүрлі салалардағы білімдерді кіріктіру рәсімдерін жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыру дағдылары; өз ойын жазбаша және ауызша түрде дұрыс әрі қисынды жеткізе білу; белгілі бір саладағы теориялық білімдерді практикалық қызметте қолдана білу. | отырып, кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу. |
| 3-4 | 8112-1 Мұнай-газ кен орындары жабдықтарын пайдалану жөніндегі операторлар<br>8112-2 Мұнай мен газ өндіру жөніндегі операторлар<br>8112-3 Мұнай мен газ өндіру саласындағы басқару пультінің операторлары | 3-4 | Процестерді орындау, өзгерістерді басқару | Негізгі өндіріс | Кәсіптік даярлау процесінде және өз бетінше алынған базалық, жалпы білім беру және практикалық-бағдарланған кәсіптік білімдер. | Стандартты және қарапайым біртипті практикалық міндеттерді шешу. Білімдері мен практикалық тәжірибесі негізінде белгілі әрекет ету тәсілдерінің ішінен таңдау жасау. Алынған нәтижелерді ескере отырып, қызметке түзетулер енгізу. | Зейінділік, жауапкершілік, дербестік, командада жұмыс істей білу қабілеті, типтік практикалық міндеттерді шешу. |

| СБШ деңгейі | ҰКЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 8112-4 Қабатқа жұмыс агентін айдау жөніндегі сорғы станциясының операторлары | | | | | | |
| | 8112-5 Қабат қысымын ұстап тұру жөніндегі операторлар | | | | | | |
| | 8112-6 Ұңғымаларды жерасты жөндеу жөніндегі операторлар | | | | | | |
| | 8112-7 Ұңғымаларды күрделі жөндеу жөніндегі операторлар | | | | | | |
| | 8112-8 Ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторлар | | | | | | |
| | 8112-9 Шикі мұнай мен табиғи газ өндіру жөніндегі басқа операторлар, б.т.е. | | | | | | |
| **3-бөлім. Салалар арасындағы дайындық процестері** | | | | | | | |
| 6 | 2144-1 Инженер-механиктер (жалпы бейін) | 6 | Процестерді ұйымдастыру және бақылау, | Өндірісті дайындау | Арнайы (теориялық және практикалық), оның ішінде инновациялық білімдердің кең | Шешу тәсілдерін таңдауды және олардың алуан түрлілігін | Көшбасшылық қасиеттері, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, жүйелі және аналитикалық ойлау |

| СБШ деңгейі | ҰКЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2145-2 Инженер-химиктер (мұнай және газ) | | процестердің орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару | | ауқымы. Кәсіби ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және бағалау. Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері. Технологиялық процестер мен өндіріс режимдері, қолданыстағы стандарттар, техникалық шарттар, техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтар, экономика және еңбекті, өндірісті және басқаруды ұйымдастыру негіздері, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары. Зерттеулер мен әзірлемелерді жоспарлау және ұйымдастырудың, эксперименттер мен бақылаулар жүргізудің, ақпаратты жинақтау және өңдеудің заманауи әдістері мен құралдары. | көздейтін технологиялық сипаттағы мәселелерді шешу. Технологиялық процестің құрамдас бөліктерін әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және түзету.<br>Жаңа білімді дамытуға және әртүрлі салалардағы білімдерді кіріктіру рәсімдерін жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыру іскерліктері мен дағдылары; өз ойын жазбаша және ауызша түрде дұрыс әрі қисынды жеткізу, мұнай-газ саласындағы теориялық білімдерді практикалық қызметте қолдану. | қабілеті, күйзеліске төзімділігі, жауапкершілігі. Теориялық және практикалық білімдерді қолдана отырып, кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу. |
| 3-4 | 8111-1 Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау жөніндегі бұрғылау қондырғыларын | 3-4 | Процестердің орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару | Өндірісті дайындау | Қызметті жүзеге асыру үшін қажетті кәсіптік (практикалық және теориялық) білімдер және кәсіптік білім алу процесінде, сондай-ақ өз бетінше алынған практикалық тәжірибе. | Жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін өз бетінше талдауды талап ететін кең ауқымдағы типтік практикалық міндеттерді шешу. | Зейінділік, жауапкершілік, дербестік, командада жұмыс істей білу қабілеті, типтік практикалық міндеттерді шешу. |

| СБШ деңгейі | ҰКЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ың машинистері (бұрғышылар) | | | | | | |
| | 8111-9 Басқа бұрғылау қондырғыларын ың машинистері (бұрғышылар), б.т.е. | | | | | | |
| | 8185-2 Компрессорлық қондырғылардың операторлары | | | | | | |
| | 8185-3 Сорғы қондырғыларын ың операторлары | | | | | | |
| **4-бөлім. Өндірістен кейінгі салааралық процестер (өткізу)** | | | | | | | |

| СБШ деңгейі | ҰҚЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | 2147-4 Шикі мұнай мен табиғи газды сақтау және тасымалдау жөніндегі инженерлер<br><br>2149-3 Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерлер | 6 | Процестерді ұйымдастыру және бақылау, процестердің орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару | Өндірістен кейінгі процестер | Арнайы (теориялық және практикалық), оның ішінде инновациялық білімдердің кең ауқымы. Кәсіби ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және бағалау. Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері. Технологиялық процестер мен өндіріс режимдері, қолданыстағы стандарттар, техникалық шарттар, техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтар, экономика және еңбекті, өндірісті және басқаруды ұйымдастыру негіздері, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидалары, өрт қауіпсіздігі талаптары. Зерттеулер мен әзірлемелерді жоспарлау және ұйымдастырудың, эксперименттер мен бақылаулар жүргізудің, ақпаратты жинақтау және өңдеудің заманауи әдістері мен құралдары. | Шешу тәсілдерін таңдауды және олардың алуан түрлілігін талап ететін технологиялық сипаттағы мәселелерді шешу. Технологиялық процестің құрамдас бөліктерін әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және түзету.<br>Жаңа білімді дамытуға және әртүрлі салалардағы білімдерді кіріктіру рәсімдерін жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыру іскерліктері мен дағдылары; өз ойын жазбаша және ауызша түрде дұрыс әрі қисынды жеткізу, мұнай-газ саласындағы теориялық білімдерді практикалық қызметте қолдану. | Көшбасшылық қасиеттері, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, жүйелі және аналитикалық ойлау қабілеті, күйзеліске төзімділігі, жауапкершілігі. Теориялық және практикалық білімдерді қолдана отырып, кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу. |

| СБШ деңгейі | ҰҚЖ-дағы кәсіп | ҰБШ деңгейі | Кезеңдері | Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы) | Білімі | Дағдылары (Іскерліктері) | Жеке құзыреттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 3118-3 Шикі мұнай мен табиғи газды сақтау және тасымалдау жөніндегі техниктер | 4 | Процестердің орындалуын талдау және реттеу, өзгерістерді басқару | Өндірістен кейінгі процестер | Қызметті жүзеге асыру үшін қажетті кәсіптік (практикалық және теориялық) білімдер және кәсіптік білім алу процесінде, сондай-ақ өз бетінше алынған практикалық тәжірибе. | Жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін өз бетінше талдауды талап ететін кең ауқымдағы типтік практикалық міндеттерді шешу. Қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау.<br>Ағымдағы және қорытынды бақылау, қызметті бағалау және түзету. | Күйзеліске төзімділік, жауапкершілік. Теориялық және практикалық білімдерді қолдана отырып, кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу. |
| 3 | 8187-1 Мұнай-, газ тазарту және өңдеу қондырғыларының операторлары<br>8131-9 Химиялық шикізатты өңдеу және химиялық өнім өндіру жөніндегі басқа операторлар, б.е.т. | 3 | Процестерді орындау, өзгерістерді басқару | Өндірістен кейінгі процестер | Кәсіптік даярлау процесінде және өз бетінше алынған базалық, жалпы білім беретін және практикалық-бағытталған кәсіптік білімдер. | Стандартты және қарапайым біртекті практикалық міндеттерді шешу. Білімдер мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі іс-әрекет тәсілдерін таңдау. Алынған нәтижелерді ескере отырып, қызметті түзету. | Зейінділік, жауапкершілік, дербестік, командада жұмыс істей білу қабілеті, типтік практикалық міндеттерді шешу. |

*2-қосымша*

# «Кәсіби біліктіліктердің функционалдық картасы» (үзінді)

**Мұнай және газды барлау мен өндіру» саласындағы біліктілік шеңберіне 2-қосымша**

| СБШ және ҰБШ деңгейлері | Кәсіби біліктіліктердің функционалдық картасы | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Мұнай және газды барлау» кәсіби тобы | | «Мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау» кәсіби тобы | | | | | |
| | Геологиялық-геофизикалық жұмыстар | | Бұрғылау бригадалары/мұнай және табиғи газ өндіруге ықпал ететін қызметтер көрсету)** | Жуу сұйықтықтарын дайындау | Іске қосу-баптау және жөндеу жұмыстары | Ұңғымаларды цементтеу | Мұнара монтаждау жұмыстары | Бұрғылауды басқару (мұнай және табиғи газ өндіруге ықпал ететін қызметтер көрсету)** |
| 8 | Бас геолог* | Бас геофизик* | | | | | | |
| 7 | | | Бұрғылау шахтасының бастығы | | | | | Бұрғылау жөніндегі дирекция бастығы; Бас инженер (өндіру өнеркәсібі) |
| 6 | Геолог-инженер-картограф*, Инженер-геолог, Стратиграф, Петрофизик | Геофизик-инженер-сейсмобарлаушы*, ұңғымаларды геофизикалық зерттеу жөніндегі инженер-геофизик | Бұрғылау жөніндегі далалық инженер; Бұрғылау шебері | Балшық ерітіндісі жөніндегі инженер; Төңіректегі мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуіне қарсы күрес жөніндегі инженер* | Инженер-механик (жалпы бейін) | | Мұнара құрылысы жөніндегі инженер | Бұрғылау бөлімінің бастығы; Бұрғылау жөніндегі инженер; Ұңғымаларды бекіту жөніндегі инженер; ЕҚ және ТБ жөніндегі инженер; Бұрғылау жөніндегі супервайзер; Бұрғылау ерітінділері жөніндегі инженер; Ұңғыма бұрғылаудағы күрделі жұмыстар жөніндегі инженер |
| 5 | | | Бұрғылау қондырғысының механигі | | Жабдықты жөндеу жөніндегі механик | | | |
| 4 | Техник-геолог*; Геофизикалық аппаратура реттеушісі, 6-7 разряд | Техник-геофизик*; Каротаж станциясының монтажшысы, 4-7 разряд | Мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану және бағалау бұрғылауының бұрғышысы; Мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану және бағалау бұрғылауының бұрғышы көмекшісі | | | | Мұнара монтажшысы, 3-8 разряд; Мұнара монтажшысы-электрмонтері; Мұнара монтажшысы-дәнекерлеушісі | |
| 3 | Геофизикалық аппаратура реттеушісі, 5 разряд | Каротаж станциясының монтажшысы, 4-7 разряд | Бұрғышы көмекшісі, 3 разряд | Бақуумдық қондырғы машинисі, 3-6 разряд; Лаборант-коллекторшы, 2-3 разряд | Бұрғылау қондырғыларына қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер, 4-6 разряд; Бұрғылау қондырғыларына қызмет көрсету жөніндегі слесарь, 4-6 разряд; Төңіз бұрғылау қондырғылары мен эстакадаларын негіздерін монтаждау және жөндеу жөніндегі слесарь, 2-3 разряд | Цементтеу агрегатының машинисті, 5-6 разряд; Цементтеу-араластыру агрегатының машинисті, 5-6 разряд; Ұңғымаларды цементтеу жөніндегі оператор, 3-5 разряд; Цементтеуді бақылау станциясының оператор-машинисті, 5 разряд | Дизелист | |
| 2 | Геологиялық жұмыстардағы жұмысшы, 3-6 разряд | Геофизикалық жұмыстардағы жұмысшы, 2-5 разряд | Бұрғылау ерітіндісін дайындаушы, 2-3 разряд | | | | | |

кәсіби топша — кәсіп/лауазым — * - *аралас кәсіп*

*3-қосымша*

**Кәсіби біліктіліктер картасының үлгісі және толтыру мысалы (үзінді)**

| № | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІПТЕРДІҢ СТАНДАРТТЫ ЖІКТЕУІ 2008 (бастапқы топтар) | | | Сәйкестік | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӘСІПТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ЖІКТЕУІШІ 01-2017 (бастапқы топтар) | | | Сәйкестік | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӘСІПТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ЖІКТЕУІШІ 01-2017 (кәсіптер топтары) | | | ҰКЖ негізгі топтары | Дағдылар деңгейі | ҰБШ деңгейі | СБШ деңгейі | ЭҚЖЖ секциясы | С Өңдеу өнеркәсібі | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ХКСЖ коды | Ағылшын тіліндегі атауы | Орыс тіліндегі атауы | | ҰКЖ коды | Орыс тіліндегі атауы | Мемлекеттік тілдегі атауы | | ҰКЖ коды | Орыс тіліндегі атауы | Мемлекеттік тілдегі атауы | | | | | ЭҚЖЖ бөлімі | 26. Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдерді өндіру | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | ЭҚЖЖ тобы | 26.1 Электрондық элементтер мен платаларды өндірісі | | 26.2. Компьютерлер мен периферияльық жабдықтар өндірісі |
| | | | | | | | | | | | | | | | | ЭҚЖЖ сыныбы | 26.11 Электрондық элементтерді өндірісі | 26.12 Электрондық платаларды өндірісі | 26.20. Компьютерлер мен периферияльық жабдықтарды өндірісі |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | | | **ЭҚЖЖ кіші сыныбы** | 26.110 Электрондық элементтер өндірісі | 26.120 Электрондық тақталар өндірісі | 26.200. Компьютерлермен перифериялық жабдықтар өндірісі |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** | **10** | **11** | **12** | **13** | **14** | **15** | **16** | **17** | **18** | **19** | **20** |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** | **10** | **11** | **12** | **13** | **14** | **15** | **16** | **17** | **18** | **19** | **20** |
| | | | | | | | | | | | | **1 Басшылар мен мемлекеттік қызметшілер** | | | | | | | |
| 1 | 1330 | Information and communications technology service managers | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қызметтер мен бөлімшелердің басшылары | ч | 1331 | Мамандандырылған акт-бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) | Мамандандырылған АКТ-бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) | ч | 1331-0 | Мамандандырылған акт-бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) | Мамандандырылған АКТ-бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) | | 7 | 7 | 7 | | + | + | + |
| 2 | | | | ч | 1339 | Б.т.к. АКТ және ақпарат жөніндегі маманданырылған бөлімшелердің басқа да | Б.т.к. АКТ және ақпарат жөніндегі маманданырылған бөлімшелердің басқа да | ч | 1339-0 | Б.т.к. АКТ және ақпарат жөніндегі маманданырылған бөлімшелерд | Б.т.к. АКТ және ақпарат жөніндегі маманданырылған бөлімшелерд | | 7-8 | 7-8 | 7-8 | | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | шелер дің басқа да басш ылары (басқа рушы лары) | басшыла ры (басқару шылары ) | | | ің басқа да басшы лары (басқар ушыла ры) | ің басқа да басшы лары (басқар ушыла ры) | | | | | | | |